



Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің уақытша бос бюджеттік ақшаны қазынашылық органдарының шоттарынан Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі салымдарға (депозиттерге) орналастыруының ережесін бекіту туралы

### **Күшін жойған**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 11 шілде N 943. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2002.07.25. N 832 қаулысымен. ~P020832

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің уақытша бос бюджеттік ақшаны қазынашылық органдарының шоттарынан Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі салымдарға (депозиттерге) орналастыруының ережесі бекітілсін.

2. Мыналардың:

1) "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазынашылық департаментінің қазынашылық органдарының шоттарынан уақытша бос ақшаны Қазақстан Республикасының банктеріндегі салымдарға орналастыруының тәртібі туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 18 мамырдағы N 451 P980451\_ қаулысының (Қазақстан Республикасының ПУКЖ-ы, 1998 ж, N 15, 131-күжат);

2) "Қазынашылық органдарының шоттарындағы уақытша бос ақша қалдықтарын салымға орналастыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 20 қазандағы N 1061 P981061\_ қаулысының 4-тармағының;

3) "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 18 мамырдағы N 451

қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 25 ақпандағы N 172

P990172\_

қаулысының (Қазақстан

Республикасының ПУКЖ-ы, 1999 ж., N 6, 44-күжат) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2001 жылғы 11 шілдедегі

N 943 қаулысымен

бекітілген

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің уақытша бос бюджеттік ақшаны қазынашылық органдарының шоттарынан

Қазақстан Республикасының Ұлттық  
Банкіндегі салымдарға (депозиттерге) орналастыруының  
ережесі

Осы Ереже "Бюджет жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 сәуірдегі Z990357\_ Заңына сәйкес өзірленді және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің уақытша бос бюджеттік ақшаны қазынашылық органдарының шоттарынан Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі салымдарға (депозиттерге) (бұдан әрі - банктік салым) орналастыруының тәртібін айқындайды.

## 1. Жалпы ережелер

1. Қазынашылық органдарының шоттарынан тартылған уақытша бос бюджет ақшасын орналастыруды Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі (бұдан әрі - Министрлік) мен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (бұдан әрі - Банк) арасында жасалатын банктік салым шарты (бұдан әрі - Шарт) негізінде оларды тиімді пайдалану және республикалық бюджетке кірістер алу мақсатында Министрлік жүзеге асырады.

## 2. Уақытша бос бюджет ақшасын банктік салымдарға орналастыру мерзімі және сомалары

2. Банктік салымдарға орналастырылатын бос бюджет ақшаларының ұлттық валютадағы да, шетел валютасындағы да нақты сомасын Министрлік айқындайды.

3. Мерзімді банктік салымдарды орналастырудың бастапқы мерзімі үш күнтізбелік айдан аспауы тиіс және келесі мерзімін ұзартулар үш айдан аспайтын мерзімге жол беріледі.

## 4. Қазынашылық органдарының шоттарында дебет сальdosын болдырмау

мақсатында Шартты Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда Министрлік бір жақты тәртіппен бұзуды және банктік салым қазынашылықтың шоттарына қайтарылуы мүмкін.

5. Шартты мерзімінен бұрын бұзған жағдайда банктік салымды есептелген

сыйақымен қайтару мерзімі тараптардың келісімі бойынша, талаптар түскен күнді қоса алғанда, 5 банктік күннен кешіктірілмей Шартта белгіленеді.

### 3. Сыйақыны есептеу

6. Министрлік уақытша бос бюджеттік ақшаны банктік салымдарға орналастыру кезінде сыйақының ставкасы Шарт жасасқан күнге айқындалады.

7. Шарт жасасқан кезде сыйақы ставкасы рынок конъюнктурасын және Банк ұсынысын ескере отырып белгіленеді.

### 4. Сыйақыны төлеу шарттары

8. Шарттың мерзімі өткеннен кейін Банк банктік салымның сомасын Шартта айтылған деректемелер бойынша Министрлікке қайтарады, ал сыйақыны Шартқа сәйкес Шартта айтылған деректемелер бойынша республикалық Бюджетті кірісіне аударады.

9. Сыйақы сомасы Шартта көзделген ставкаға сәйкес есептеледі.

10. Есептелген сыйақымен банктік салымды қайтару мерзімін бұзған кезде Шарттың ережелеріне сәйкес Банк Министрлікке тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімақы) төлейді.

### 5. Қорытынды ережелер

11. Осы Ережеде реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешіледі.

Мамандар:

Қасымбеков Б.А.

Икебаева Ә.Ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК